

«Қазақстан футбол федерациясы»  
қауымдастығы» ЗТБ  
Атқару комитетінің шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
03.11.2023 ж. № 6/14 хаттама

**Қазақстан Футбол Федерациясының  
мүдделер қақтығысын болдырмау  
және реттеу жөніндегі  
САЯСАТЫ**



**Астана қаласы, 2023 жыл**

## НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

**Әкімшілік-шаруашылық функциялары** - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте берілген ҚФФ теңгерімінде тұрған мүлікті басқару және иелік ету құқығы;

**Жақын туыстары** – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық туысты және толық туысты емес ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелер;

**Лауазымды тұлға** – ҚФФ ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты түрде немесе уақытша атқаратын тұлға;

**Жұмыскер** – ҚФФ-пен еңбек қатынастарында болған және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлға;

**Қызметкер** – қызметтерді көрсету шарты негізінде ҚФФ-ке қызмет көрсететін жеке тұлға;

**Жоғары басқару органы** - Конференция;

**Басқарудың атқару органы** - Атқару комитеті (Атқарком);

**Жоғары лауазымды тұлға** - Президент;

**Бақылаушы орган** – Тексеру комиссиясы;

**Әкімшілік орган** - Бас хатшы;

**Комплаенс-офицер** – міндетті реттеушілік талаптарды және ең озық халықаралық тәжірибенің талаптарын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер, барлық қызметкерлер арасында ашықтық пен адалдықты қамтамасыз ететін және бизнесті ең озық халықаралық стандарттарға және Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу үшін жағдайлар жасайтын ҚФФ ішкі корпоративтік мәдениетін қалпытастыру мәселелері бойынша талаптарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында ҚФФ бұйрығымен тағайындалатын тұлға;

**Мүдделер қақтығысы** - лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жеке мүдделері және олардың қызметтік өкілеттіктері арасындағы қайшылықтар, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мүдделері өз қызметтік өкілеттіктерін орындауға және (немесе) тиісті түрде орындамауға әкеп соғуы мүмкін;

**Жек мүдделер** – ҚФФ ішкі құжаттарында белгіленген еңбекақысын және басқа да төлемдерді алуына байланысты емес, жеке мүліктік пайда немесе ҚФФ-тен жеке пайда алуға мүдделілік;

**Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары** – Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте ұсынылған бұйрықтар мен өкімдерді шығару, шешімдерді жеке дара да, алқалы түрде де қабылдау құқығы;

**Декларация** – жыл сайын қол қойылатын Қазақстан Футбол Федерациясының Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу саясатына қосылу туралы.

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ақйындалмаған терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚФФ ішкі құжаттарында пайдаланылатын мағынада пайдаланылады.

## **1 тарау. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Қазақстан Футбол Федерациясының Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясаты (бұдан әрі -Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында әзірленді және Қазақстан Футбол Федерациясының (бұдан әрі -ҚФФ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша негізгі механизмдерінің бірі болып табылады. Мүдделер қақтығысына байланысты маңызды бұзушылықтар ҚФФ іскерлік беделіне залал келтіруі және барлық мүдделі тараптар жағынан оған деген сенімді кетіруі мүмкін. Лауазымды тұлғаның, жұмыскердің немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың өз лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтараптылық, адалдық және ҚФФ мүдделерін қорғау қағидаттары негізінде орындауына ықпал етпеуге тиіс.

3. Осы Саясат мүдделер қақтығысы туындау жағдайларын, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шараларды, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процессінің барлық қатысушыларының жауаптылығын белгілейді.

4. ҚФФ лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің немесе қызметкерлердің ҚФФ –те өз міндеттерін/лауазымдық міндеттерін атқару шеңберінен тыс заңды жеке мүдделері болуын түсінеді, бірақ осындай жеке мүдделер мен өз міндеттері/лауазымдық міндеттер арасындағы кез келген мүдделер қақтығысы ҚФФ-те осы Саясатқа сәйкес ашылуға және реттелуге тиіс.

5. Бизнес-серіктестермен, контрагенттермен және үшінші тұлғалармен қатынастарда ҚФФ сенімді қарым-қатынастар орнатылуына және олардың сақталуына сенеді, бұл ретте тараптар бір-біріне қатысты барынша адал, әділ және бейілді әрекет етуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысының алдын алу, оны айқындау және болдырмау бойынша түбегейлі шаралар қолдануға міндетті.

## **2 тарау. ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

6. Осы Саясат ҚФФ барлық лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлерінің немесе қызметкерлерінің танысуы және оны мүлтіксіз орындауы үшін міндетті болып табылады.

7. Осы Саясат ҚФФ Әдеп кодексімен бірге қолданыла алады.

## **3 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**

8. ҚФФ мүдделер қақтығысын басқаруды (болдырмауды және реттеуді) мүдделер қақтығысын басқарудың келесі негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

1) Заңдылық қағидаты – осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚФФ ішкі құжаттарына сәйкестігі;

2) ҚФФ мүдделерін қорғау қағидаты. ҚФФ мүдделерін қорғау – әр лауазымды тұлғаның, жұмыскердің немесе қызметкердің парызы, олар тек Қазақстан Республикасының заңнамасына ҚФФ ішкі құжаттарына сүйене отырып, шешім қабылдауға міндетті;

3) әділдік және жеке қарау қағидаты - мүдделер қақтығысының әр жағдайы ҚФФ үшін әлеуетті қатерлерді бағалаумен жеке тәртіпте қаралуға және уақтылы реттелуге тиіс. Лауазымды тұлғалар, жұмыскерлер немесе қызметкерлер, мүдделер қақтығысын зерттеу процессі мен нәтижелеріне жеке және өзге мүдделердің және әртүрлі факторлардың кез келген әсерін қоса алғанда, мүдделер қақтығысының нақты жағдайын бұрмалайтын әр субъективтілікті барынша азайтуға тырысуға тиіс;

4) құпиялылық қағидаты – құпиялылықты қатаң сақтау: мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процессінен және мүдделер қақтығысын бұдан әрі реттеу процессінен

қаралатын жағдай бойынша қорытындыларды шығару және ақырғы шешім қабылдау кезеңіне дейін;

5) қатыстырушылық қағидаты - ҚФФ лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлерінің немесе қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамның ережелері туралы хабардарлығы;

6) төзімсіздік және ішкі мәдениет қағидаты - ҚФФ өз жұмыс ортасында мәдениетті және мүдделер қақтығысы туындауына жоғары дәрежедегі төзімсіздікті қалыптастырады. ҚФФ ықтимал мүдделер қақтығысы оның лауазымды тұлғалардыңымен, жұмыскерлерімен немесе қызметкерлерімен ашылуын қолдайды және осы Саясаттың ережелерін түсінуге бағытталған ішкі ашық қатысым мәдениетін дамытады;

7) жеке бастық үлгі қағидаты – жоғары басшылық және лауазымды тұлғалар өз іс-қимылымен парасаттылық пен әдепті мінез-құлық үлгісі болып табылады, кәсіпқойлыққа бейілділігін көрсетеді және осы Саясаттың талаптарын мүлтіксіз орындайды;

8) дербес жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы - мүдделер қақтығысы фактісіне жол берген лауазымды тұлғаның, жұмыскердің немесе қызметкердің тікелей басшысы мүдделер қақтығысын айқындамағаны және ашпағаны үшін, сондай-ақ, оны тиісті түрде реттемегені үшін дербес жауапты болады. Барлық лауазымды тұлғалар, жұмыскерлер немесе қызметкерлер жеке мүдделер мен ҚФФ мүдделері арасында теңгерімді сақтау үшін дербес жауапты болады.

#### **4 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

**9.** Осы Саясаттың мақсаттары үшін мүдделер қақтығысына әкеп соға алатын жағдайларға келесі жағдайлар жатады:

1) лауазымды тұлға, жұмыскер, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаты атқаратын лауазымдардың тікелей басқаруындағы лауазымдарды атқарады;

2) лауазымды тұлғаның, жұмыскердің, қызметкердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжатының ҚФФ байланысты мәмілелерде, жобаларда кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілігі бар немесе болуы мүмкін;

3) лауазымды тұлға, жұмыскер, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаты ҚФФ-пен байланысты жобаның немесе мәміленің тарапы болып табылады;

4) лауазымды тұлға, жұмыскер, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаты ҚФФ-пен байланысты жобаның немесе мәміленің тарапы болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылады;

5) лауазымды тұлғаның, жұмыскердің немесе қызметкердің өз міндеттерін/лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты оған белгілі болған құпия ақпаратты немесе оны ашу ҚФФ мүдделеріне жағымсыз әсер ететін кез келген басқа ақпаратты ашшуы, сондай-ақ лауазымды тұлғаның, жұмыскердің, қызметкердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжатының жеке пайда алу үшін ҚФФ байланысты құпия ақпаратты ашуы;

6) лауазымды тұлға, жұмыскер немесе қызметкер оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері бойынша немесе өзіне қатысты өзге мәселелер бойынша шешімді талқылауға және қабылдауға қатысады;

7) лауазымды тұлға, жұмыскер немесе қызметкер өз лауазымдық міндеттерін жеке пайданы алу мақсатында пайдалануға мүмкіндік беретін атқару және бақылау функцияларын қоса атқарады.

**10.** Осы Саясаттың 11. Тармағында аталған мүдделер қақтығысы жағдайлары толық болып табылмайды. Мүдделер қақтығысы болуын анықтау үшін лауазымды тұлғалар,

жұмыскерлер және қызметкерлер осы Саясаттың 8 тармағында келтірілген мүдделер қақтығысы терминін басшылыққа алуға тиіс.

## **5 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АШУ (ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ) ТӘРТІБІ**

**13.** Лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің және қызметкерлердің мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуы дереу жазбаша түрде, мүдделер қақтығысы болуы немесе пайда болуы фактілерін толық негіздеу және құжаттармен растау арқылы жүзеге асырылады.

**14.** ҚФФ-те мүдделер қақтығысын ашудың (декларациялаудың) келесі тәртібі белгіленеді:

1) Жұмысқа қабылдаған кезде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді алғашқы ашу;

2) Жоғары тұрған лауазымға, басқа құрылымдық бөлімшеге ауыстыру, функционалды өзгерту кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

3) Оларды іске асыру немесе орындау кезінде мүдделер қақтығысы үшін жағдайлар жасау ықтималдығы ең жоғары болатын ҚФФ бизнес-процесстеріндегі/іскерлік операцияларындағы жемқорлық тәуекелінің жоғары деңгейіне байланысты мүдделер қақтығысын жыл сайынғы ашу;

4) Олар кезінде жеке мүдделілік болуы мүдделер қақтығысы туындауына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан осы Саясаттың 11 тармағында аталған жағдайлардың туындауына қарай мәліметтерді біржолғы ашу. Мәліметтерді біржолғы ашу осы Саясатқа қосымшада келтірілген Хабраламаны толтыру жолымен жүзеге асырылады

**15.** Лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің және қызметкерлердің тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы болуы туралы мәліметтерді жасыруы және/немесе уақтылы немесе толық ашпауы, ҚФФ-те жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға мүмкіндік жасайтын жемқорлық тәуекелдерінің пайда болу себептері мен шарттары болып табылады

## **6 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ**

**16.** Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында ҚФФ жауапты құрылымдық бөлімшелері:

1) жұмысқа қабылдаған кезде, жоғары лауазымға тағайындағн кезде немесе лауазымдық міндеттерін өзгерткен кезде - тікелей басшымен немесе байланысты функцияларды атқаратын тұлғмен туыстас болған қызметкерлерді лауазымға тағайындауға жол бермеуге;

2) ҚФФ контрагенттерін сатып алу рәсімдерін өткізу және олармен шарттық міндеттемелерді рәсімдеу кезеңдерінде олардың құрылтайшылары мен басшылары құрамын лауазымды тұлғалармен, жұмыскерлермен, қызметкерлермен, олардың жақын туыстарымен, жұбайларымен, сондай-ақ жекжаттарымен үлестестік белгілері болуы жайында зерттеуді жүзеге асыруға;

3) лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің және қызметкерлердің, соның ішінде өз қызмет жағдайын заңсыз пайдалану нәтижесінде материалдық пайда түріндегі қосымша табыс алатындардың құқыққа қарсы, жосықсыз және құзырсыз қызметін айқындауға және жол бермеуге бағытталған сақтандыру-алдын алу шараларын және қызметтік тексерістерді жүргізуге;

4) жұмысқа қабылдаған кезде әр лауазымды тұлғаны, жұмыскерді және қызметкерді осы Саясатпен таныстыруды қамтамасыз етуге;

5) осы Саясаттың ережелерін лауазымды тұлғаларға, жұмыскерлерге және қызметкерлерге жеткізуге бағытталған түсіндіру жұмысын жүйелі түрде жүргізуге;

6) ҚФФ үлестес тұлғалары, инсайдерлері туралы ақпараттың есебін жүргізуге;

7) Құпия ақпараттың, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің және

қызметкерлердің дербес деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

## **7 тарау. ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕРІ**

**17.** Лауазымды тұлғаларға, жұмыскерлерге және қызметкерлерге ҚФФ пен олардың өздері, сондай-ақ олардың кез келген жақын туыстары, жұбайлары және жекжаттары арасындағы кез келген мәмілелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға қатысуға тыйым салынады.

**18.** Лауазымды тұлғалар, жұмыскерлер және қызметкерлер:

1) еңбек шартына немесе қызметтерді көрсету шартына қол қойған кезде, оған жыл сайын қайта қол қоюды ескере отырып, Декларацияға (осы Саясатқа №2 қосымша) қол қоюға;

2) мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына жол бермеуге;

3) мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға қатысудан тартынуға;

4) өзін тағайындауға, сайлауға және қайта сайлауға байланысты шешімдерді қабылдауға қатыпсауға;

5) бар мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты әкімшілік органға күні бұрын жазбаша түрде жеткізуге және осы Саясаттың талаптарына сәйкес мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспауға;

6) тәуелсіздік мәртебесінің ықтимал жоғалуын қадағалау және осындай ахуалдар болған жағдайда, ҚФФ әкімшілік органын күні бұрын хабарландыруға;

7) ҚФФ-ке өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді белгіленген тәртіпте ұсынуға;

8) мүдделер қақтығысын реттеу және оларды сақтау міндеті бойынша ҚФФ рәсімдерімен танысқанын жазбаша түрде растауға;

9) жеке басының үлгісі арқылы мүдделер қақтығысына төзімсіздік мәдениетін енгізуге;

10) осы Саясатта көзделген тәртіпте және шартармен осы Саясаттың талаптарын бұзу немесе осындай бұзу ықтималдығы туралы ақпаратты хабарлауға;

11) инсайдерлік және құпия ақпаратты қорғау тәртібін сақтауға міндетті.

**19.** ҚФФ жұмыскері тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы, бұл ретте осы Саясаттың 18 тармағын сақтауға міндетті.

**20.** Лауазымды тұлғалар ҚФФ-пен қатынастарда үшінші тұлғалардың атынан әрекет ете алмайды немесе олардың мүдделерін білдіре алмайды.

**21.** ҚФФ-тің мүдделі мәмілені жасау туралы шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында, лауазымды тұлғалардың оларға тікелей бағынысты да, бағынысты емес те ҚФФ құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне араласуына тыйым салынады.

## **8 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН ҚАРАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ**

**22.** Мүдделер қақтығысын айқындау, болдырмау және реттеу жөніндегі жұмыс тиімділігін арттыру үшін ҚФФ оларды уақтылы және толық айқындауға, сондай-ақ оларды реттеу бойынша ҚФФ барлық органдарының/бөлімшелерінің әрекеттерін анық үлестіруге арналған механизмдерді жасауға тырысады.

**23.** ҚФФ-те туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу үшін лауазымды тұлғалар:

1) туындайтын мүдделер қақтығыстарын айқындап, олардың себептерін анықтауға;

2) ҚФФ органдарының құзыреттерін және жауаптылығын анық шектеуге;

3) лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің және қызметкерлердің олардың мүдделер қақтығысы болған мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешім

қабылдаудан тартынуын қамтамасыз етуге.

**24.** Жұмыскер осындай қақтығысты реттеу мақсатында, мүдделер қақтығысы болуы немесе оның туындауы туралы өзінің тікелей басшысын дереу хабардар етуге міндетті.

**25.** Мүдделер қақтығысын құрылымдық бөлімше деңгейінде реттеу мүмкін болмаған жағдайда, құрылымдық бөлімшенің басшысы бір жұмыс күн ішінде Бас хатшыға және/немесе өзге уәкілетті тұлғаға мүдделер қақтығысы, оның пайда болуы себептері, қолданылған шаралар туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

**26.** Бас хатшы мүдделер қақтығысын реттеу тәртібін белгілейді, уәкілетті тұлғаны тағайындайды. Қажет болған жағдайда Бас хатшы мүдделер қақтығысын реттеу үшін жұмыс тобын құрады, оның құрамына қаржы департаментінің, заң департаментінің өкілдері, комплаенс-офицер кіреді. Жұмыс тобының құрамы топпен қабылданатын шешімдерге ықпал ете алатын мүдделер қақтығысы туындау мүмкіндігіне жол бермей құрылады.

## **9 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ ҮШІН ЫҚТИМАЛ ШАРАЛАР**

**27.** Мүдделер қақтығысын реттеуге арналған шараларды белгілеп, ҚФФ олардың ҚФФ мүдделеріне әсер ете алатын жағымсыз салдарлар дәрежесіне шамаластығын қамтамасыз етеді

**28.** Мүдделер қақтығысын реттеу үшін қолданылатын ықтимал шаралар мен тәсілдер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ҚФФ лауазымды тұлғасын немесе жұмыскерін оның келісімімен қайта сайлау немесе мүдделер қақтығысын болдырмайтын функцияларды орындауды болжайтын басқа лауазымға ауыстыру;

2) лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тоқтату;

3) лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің олардың мүдделер қақтығысы бар немесе бола алатын мәселелерді талқылаудан және олар бойынша шешім қабылдаудан ерікті түрде бас тартуы, шеттетілуі (тұрақты немесе уақытша);

4) лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің міндеттерін/лауазымдық міндеттерін қайта қарау және өзгерту;

**29.** Саясаттың 28 келтірілген шаралар тізбесі толық болып табылмайды. Әр нақты жағдайда қалыптасқан жағдайдың ерекшелігіне, қолданылатын шаралардың мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына сәйкестігі дәрежесіне байланысты өзге шаралар қолданылуы мүмкін

## **10 тарау. ЖАУАПТЫЛЫҚ**

**30.** Лауазымды тұлғалар, жұмыскерлер және қызметкерлер осы Саясаттың орындалуы үшін жауапты.

**31.** Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу жөніндегі жұмыста ҚФФ – ке залал келтіруге әкеп соққан Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ осы Саясаттың талаптарын бұзуға жол берілсе, осындай бұзушылыққа кінәлы адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа тартылады Республикы Казахстан.

## **11 тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**32.** Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Атқарком шешімі бойынша енгізіледі.

**33.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе ҚФФ Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Саясаттың нормалары олармен қайшылыққа түссе, осы Саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе ҚФФ Жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.

Кімге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, Т.А.Ә.)

Кімнен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, байланыс телефоны)

### **Мүдделер қақтығысы болуы немесе туындауы туралы ХАБАРЛАМА**

Осымен, Қазақстан Футбол Федерациясының Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу жөніндегі саясатының талаптарына сәйкес, менде лауазымдық міндеттерді атқарған кезде мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жеке мүдделілік туындауы туралы хабарлаймын.

1. Қақтығысты жағдайдың (жеке мүдделілік) туындау негізі болып табылатын мәң-  
жайлар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
*(ол кезінде мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін  
болған жағдай толық негіздеумен сипатталады).*

2. Жеке мүдделілік оларға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін лауазымдық  
міндеттер: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
*(нақты лауазымдық міндеттерді атап шығу).*

3. Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу бойынша қабылданған  
(ұсынылған) шаралар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
*(лауазымды тұлға/жұмыскер немесе қызметкер мүдделер қақтығысын болдырмау  
және реттеу үшін қандай шараларды қабылдағанын немесе қабылдау*



ұсынылатынын көрсету).

4. Мүдделер қақтығысы болу немесе туындау фактісін, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу үшін қабылданған (қабылдауға ұсынылатын) шараларды растайтын құжаттар тізбесі:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_
- 5) \_\_\_\_\_

Хабарламаны жіберетін адам:

\_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.  
(қолы, қолдың толық жазылуы)

Хабарламаны қабылдаған адам :

\_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.  
(қолы, қолдың толық жазылуы)



**ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН  
БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫНА ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ  
ДЕКЛАРАЦИЯ**

Мен,

(ТАӨ, лауазымы)

ЖСН \_\_\_\_\_ тумасы,

осымен Қазақстан Футбол Федерациясының мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі Саясатқа қосыламын және:

- мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермеуге;
- оларда мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешім қабылдаудан тартынуға;
- өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдерді қабылдауға қатыспауға;
- қажет болған жағдайда Қазақстан Футбол Федерациясының өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға;
- жеке бастық үлгімен FIFA, UEFA және Қазақстан Футбол Федерациясының жемқорлыққа қарсы мәдениетін қолдауға және азаматтардың, футбол субъектілерінің, ұйымдардың, қазақстандық қоғамның, Қазақстан Республикасының, мүдделер қақтығысын болдырмау, FIFA, UEFA және Қазақстан Футбол Федерациясының, FIFA, UEFA және өзге де халықаралық спорт ұйымдарының құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіре алатын мүдделер қақтығысын болдырмауға;
- өзімнің тікелей басшысын Қазақстан Футбол Федерациясының мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі Саясатының талаптарын бұзу немесе осындай бұзудың әлеуетті мүмкіндігі туралы хабардар етуге;
- құпия және қызметтік ақпаратты қорғау тәртібін сақтауға;

- Қазақстан Футбол Федерациясының, FIFA және UEFA жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нормативтік құжаттарының өзге де талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Қала \_\_\_\_\_, « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(қолы)